

**«Қазатомөнеркәсіп»  
Ұлттық Атом Компаниясы» АҚ-ның**

**2018 жылдың 30 маусымында аяқталған  
алты айдың**

**қысқартылған аралық  
шоғырландырылған қаржылық  
есептілігі (аудиттелмеген)**

# «ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

## МАЗМҰНЫ

### ҚЫСҚАРТЫЛҒАН АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ШОЛЫП ТЕКСЕРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

#### ҚЫСҚАРТЫЛҒАН АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

Пайда немесе шығын және өзге жиынтық табыс туралы қысқартылған аралық шоғырландырылған есептеме .	1
Қаржы жағдайы туралы қысқартылған аралық шоғырландырылған есептеме.....	2
Ақша қаражаттың жылжуы туралы қысқартылған аралық шоғырландырылған есептеме.....	3
Капиталдағы өзгерістер туралы қысқартылған аралық шоғырландырылған есептеме .....	4

#### Қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ескертулер

1.	Жалпы ережелер .....	5
2.	Қысқартылған аралық қаржылық есептілікті дайындаудың негізгі принциптері .....	6
3.	Есептік саясаттың негізгі принциптері .....	6
4.	Есептік саясатты қолданудағы маңызды есеп айырысу бағалаулары мен кәсіби пайымдаулар.....	10
5.	Жаңа стандарттар мен түсініктемелер.....	11
6.	Байланысты тараптармен есеп айырысу мен операциялар .....	11
7.	Түсім .....	13
8.	Өткізілген өнімнің өзіндік құны .....	13
9.	Өткізу бойынша шығыстар .....	13
10.	Жалпы және әкімшілік шығыстар.....	14
11.	Активтердің құнсыздануы.....	14
12.	Өзге табыстар .....	14
13.	Өзге шығыстар .....	15
14.	Қаржылық табыстар мен қаржылық шығыстар.....	15
15.	Қызметкерлер еңбегіне төлемдер .....	15
16.	Табыс салығы бойынша шығыстар .....	16
17.	Негізгі құралдар .....	17
18.	Өндіріске дайындалу бойынша шығыстар .....	18
19.	Жер қойнауын пайдалану құқығы .....	18
20.	Барлау және бағалау активтері .....	19
21.	Қауымдастырылған кәсіпорындарға инвестициялар .....	19
22.	Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар.....	23
23.	Өзге инвестициялар .....	26
24.	Байланысты тараптарға берілген қарыздар .....	26
25.	Қысқа мерзімді дебиторлық берешек.....	26
26.	Қорлар .....	27
27.	Ақшалай қаражат және оның баламасы .....	27
28.	Өзге активтер .....	27
29.	Капитал.....	28
30.	Несиелер мен қарыздар.....	28
31.	Кредиторлық берешек .....	29
32.	Резервтер.....	29
33.	Өзге міндеттемелер.....	30
34.	Шарттық және келісімшарттық міндеттемелер.....	30
35.	Қаржы құралдарының әділ құны .....	32
36.	Негізгі еншілес кәсіпорындар.....	33
37.	Бизнесті сатып алу .....	34
38.	Тоқтатылған қызмет.....	37
39.	Сатуға арналған активтер .....	39
40.	Сегменттер бойынша ақпарат .....	39
41.	Бақыланбайтын үлес.....	44



## **Қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікті шолып тексеру бойынша есеп**

«Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» АҚ Басшылығы, Директорлар Кеңесі мен Акционеріне

### **Кіріспе**

Біз «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» АҚ және оның еншілес компанияларының 2018 жылғы 30 маусымдағы берілген жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы қысқартылған аралық шоғырландырылған есептемеге және белгіленген күнде аяқталған алты ай аралығына тиісті қысқартылған аралық шоғырландырылған пайда немесе залал және жиынтық табыс туралы, капиталдағы өзгерістер туралы және ақшалай қаражаттың жылжуы туралы есептемелерге, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелері мен өзге де түсініктеме ақпараттардың қысқаша түрінен құралған ескертулеріне шолу тексеру жүргіздік. Басшылық осы қысқартылған аралық шоғырландырылған есептілікті «Аралық қаржылық есептілігі» атты 34 Халықаралық Қаржылық Есептіліктің Стандартына (IAS) сәйкес дайындалған және көрсетілгені үшін жауапты. Біздің жауапкершілігіміз жүргізілген шолып тексерудің негізінде бұл қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы қорытындыны қалыптастыру болып табылады.

### **Шолып тексеруінің көлемі**

Біз шолып тексеруді 2410 «Компанияның тәуелсіз аудитору жүргізетін аралық қаржылық ақпаратының шолып тексеруі» Халықаралық шолып тексерулер стандартына сәйкес жүргіздік. Аралық қаржылық ақпаратының шолып тексеруі лауазымды адамдардан сауалнама алу негізінде, ең алдымен қаржылық және бухгалтерлік сұрақтарға жауапты адамдардан жауап алумен және талдамалы мен өзге де рәсімдерімен шектеледі. Шолып тексеруінің көлемі Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудиторлық тексеруден елеулі аз, сондықтан шолып тексеру бізге аудит кезінде айқындалатын барлық маңызды аспектілер белгілі болғанына сенімшілік алуға жағдай туғызбайды. Тиісінше, біз аудиторлық пікір бермейміз.

### **Қорытынды**

Өткізілген шолып тексерудің нәтижесінде қоса тіркелген қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілігі барлық елеулі аспектілерінде, «Аралық қаржылық есептілігі» атты 34 Халықаралық Қаржылық Есептіліктің Стандартына сәйкес дайындалмағанын көрсететін ештеңе біздің назарымызды аудартады.

*PricewaterhouseCoopers LLP*

2018 жылғы 28 қыркүйек  
Алматы, Қазақстан

**«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ**

**2018 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай бойынша қаржы жағдайы туралы қысқартылған аралық шоғырландырылған есеп**

<i>Қазақстандық миллион теңгемен</i>	Ескерту	2018 жылдың 30 маусымында аяқталған 6 айаралығы, (аудиттелмеген)	2017 жылдың 30 маусымында аяқталған 6 айаралығы, (аудиттелмеген) қайта есептелген
Түсім	7	145,029	153,188
Өткізілген өнімнің өзіндік құны	8	(106,539)	(120,924)
<b>Жалпы пайда</b>		<b>38,490</b>	<b>32,264</b>
Өткізу бойынша шығыстар	9	(3,361)	(2,402)
Жалпы және өкімшілік шығыстар	10	(12,573)	(11,558)
Активтердің құнсыздануы	11	(3,486)	(4,020)
Бағам айырмашылығы бойынша таза пайда (таза шығын)		1,296	(1,142)
Бизнесі сатып алу нәтижесі	37	96,858	-
Өзге табыстар	12	110	6,209
Өзге шығыстар	13	(1,187)	(1,564)
Қаржылық табыстар	14	2,638	2,429
Қаржылық шығыстар	14	(5,088)	(4,387)
Қауымдастырылған кәсіпорындардың нәтижелеріндегі үлес	21	6,948	11,644
Бірлескен кәсіпорындардың нәтижелеріндегі үлес	22	(1,905)	13,637
<b>Салық салынғанға дейінгі табыс</b>		<b>118,740</b>	<b>41,110</b>
Табыс салығы бойынша шығыстар	16	(4,823)	(13,032)
<b>Жалғасатын қызметтен түскен кезең ішіндегі пайда</b>		<b>113,917</b>	<b>28,078</b>
Тоқтатылған қызметтен түскен пайда	38	1,103	2,087
<b>КЕЗЕҢДЕГІ ПАЙДА</b>		<b>115,020</b>	<b>30,165</b>
<b>Өзге жиынтық табыс</b>			
<i>Кейіннен пайдаға немесе шығынға қайта жіктелуі мүмкін баптар</i>			
Шетелдік қызметті аударудан болған бағам айырмашылығы		(22,123)	9
<b>Кезеңдегі өзге жиынтық табыс/(шығын)</b>		<b>(22,123)</b>	<b>9</b>
<b>КЕЗЕҢДЕГІ ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС ЖИЫНЫ</b>		<b>92,897</b>	<b>30,174</b>
<b>Мыналарға жататын кезеңдегі табыс:</b>			
- Компанияның меншіктеріне		114,220	29,949
- Бақыланбайтын үлеске		800	216
<b>Кезеңдегі пайда</b>		<b>115,020</b>	<b>30,165</b>
<b>Мыналарға жататын кезеңдегі жиынтық пайда жиыны:</b>			
- Компанияның меншіктеріне		92,093	29,957
- Бақыланбайтын үлеске		804	217
<b>Кезеңдегі жиынтық табыс жиыны</b>		<b>92,897</b>	<b>30,174</b>
Қарапайым акцияның базалық және көбейтілген пайдасы (акцияға теңгемен)		3,083	810

Осы қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікті басшылық 2018 жылғы 28 қыркүйекте бекітті:

М.Б. Юсупов  
Экономика және қаржы жөніндегі  
бас директор

Д.А. Қожа-Ахмет  
Қаржы бақылаушысы

З.Ф. Қалиева  
Бас бухгалтер

Ұсынылған ескертулер бұл қысқартылған аралық шоғырландырылған есептеменің бөлінбес бөлігін құрайды

**«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ**

**2018 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай бойынша қаржы жағдайы туралы қысқартылған аралық шоғырландырылған есеп**

Қазақстандық миллион теңгемен	Ескерту	2018 ж. 30 маусым (аудиттелмеген)	2017 ж. 31 желтоқсан (аудиттелген)
<b>АКТИВТЕР</b>			
<b>Ұзақ мерзімді активтер</b>			
Материалдық емес активтер		8,736	8,009
Негізгі құралдар	17	134,685	122,175
Өндіріске дайындалу бойынша шығындар	18	102,762	43,530
Жер қойнауын пайдалану құқығы	19	161,130	2,004
Барлау және бағалау активтері	20	6,610	5,608
Қауымдастырылған кәсіпорындарға инвестициялар	21	62,231	101,746
Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар	22	41,240	74,818
Өзге инвестициялар	23	4,411	1,726
Дебиторлық берешек		243	140
Кейінге қалдырылған салықтық активтер		8,948	6,836
Мерзімдік депозиттер		11	-
Байланысты тараптарға берілген қарыздар	24	13,091	20,302
Өзге активтер	28	25,610	24,125
		<b>569,708</b>	<b>411,019</b>
<b>Қысқа мерзімді активтер</b>			
Дебиторлық берешек	25	73,752	58,085
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем		9,869	5,493
Өтеуге арналған ҚҚС		21,375	24,182
Қорлар	26	202,918	169,675
Мерзімдік депозиттер		7,618	8,472
Байланысты тараптарға берілген қарыздар	24	8,119	-
Ақшалай қаражат және оның баламасы	27	100,542	239,936
Өзге активтер	28	23,852	18,396
		<b>448,045</b>	<b>524,239</b>
Сатуға арналған ретінде сыныпталатын шығатын топтардың активтері	39	40,162	2,774
		<b>488,207</b>	<b>527,013</b>
		<b>1,057,915</b>	<b>938,032</b>
<b>АКТИВТЕР ЖИЫНЫ</b>			
<b>КАПИТАЛ</b>			
Акционерлік капитал	29	37,051	37,051
Қосымша төленген капитал		4,785	4,785
Резервтер		(979)	(2,229)
Бөлінбеген пайда		543,620	586,998
Компания меншіктеріне жататын капитал		584,477	626,605
Бақыланбайтын иелену үлесі		91,997	14,571
		<b>676,474</b>	<b>641,176</b>
<b>КАПИТАЛ ЖИЫНЫ</b>			
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>			
<b>Ұзақ мерзімді міндеттемелер</b>			
Несиелер мен қарыздар	30	369	38,910
Қаржылық жалға алу бойынша міндеттемелер		418	294
Кредиторлық берешек	31	588	582
Резервтер	32	27,581	22,688
Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер		35,581	4,443
Қызметкерлерге сыйақы		943	1,247
Өзге міндеттемелер	33	6,081	7,711
		<b>71,561</b>	<b>75,875</b>
<b>Қысқа мерзімді міндеттемелер</b>			
Несиелер мен қарыздар	30	90,209	82,374
Қаржылық жалға алу бойынша міндеттемелер		119	125
Резервтер	32	143	189
Кредиторлық берешек	31	53,653	112,642
Өзге салықтар бойынша міндеттемелер		5,659	4,168
Қызметкерлерге сыйақы		126	173
Табыс салығы бойынша міндеттемелер		508	5,618
Өзге міндеттемелер	33	105,582	14,349
		<b>255,999</b>	<b>219,638</b>
Сатуға арналған ретінде сыныпталатын шығатын топтардың активтері	39	53,881	1,343
		<b>381,441</b>	<b>296,856</b>
		<b>1,057,915</b>	<b>938,032</b>
<b>КАПИТАЛ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ</b>			

Осы қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікті басшылық 2018 жылғы 28 қыркүйекте бекітті:

М.Б. Юсупов  
Экономика және қаржы жөніндегі  
бас директор

Д.А. Қожа-Ахмет  
Қаржы бақылаушысы

З.Ф. Қалиева  
Бас бухгалтер

Ұсынылған ескертулер бұл қысқартылған аралық шоғырландырылған есептеменің бөлінбес бөлігін құрайды

**«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ**

**2018 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай бойынша ақша қаражаттың жылжуы туралы қысқартылған аралық шоғырландырылған есеп**

	2018 жылдың 30 маусымында аяқталған 6 айаралығы, (аудиттелмеген)	2017 жылдың 30 маусымында аяқталған 6 айаралығы, (аудиттелмеген)
<i>Қазақстандық миллион теңгемен</i>		
<b>ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ</b>		
Сатып алушылардан ақшалай қаражат түсімдері	182,320	224,080
Бюджеттен ҚҚС қайтарылуы	12,808	10,379
Алынған сыйақы	1,006	1,288
Жеткізушілерге төлемдер	(207,003)	(183,290)
Қызметкерлерге төлемдер	(22,389)	(19,297)
<b>Операциялардан түскен ақшалай қаражат</b>	<b>(33,258)</b>	<b>33,160</b>
Төленген табыс салығы	(8,750)	(6,205)
Төленген сыйақы	(2,993)	(2,225)
<b>Операциялық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың ағымы</b>	<b>(45,001)</b>	<b>24,730</b>
<b>ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ</b>		
Негізгі құралдарды сатып алу	(9,046)	(7,138)
Негізгі құралдардың шығуынан түскен түсімдер	44	470
Материалдық емес активтерді сатып алу	(1,850)	(589)
Өндіріске дайындау бойынша шығындарды сатып алу	(10,712)	(4,391)
Барлау және бағалау активтерін сатып алу	(1,003)	(986)
Мерзімді салымдарды орналастыру	(3,123)	(23,261)
Мерзімді салымдарды өтеу	4,847	53,333
Еншілес кәсіпорынды сатып алудан және бірлескен операциялардан алынған ақшалай қаражат	2,921	-
Қауымдастырылған кәсіпорындардан, бірлескен кәсіпорындардан және өзге инвестициялардан алынған дивидендтер	7,135	20,323
Еншілес кәсіпорындарға инвестицияларды өткізуден түсімдер	89	-
Бірлескен кәсіпорындардың жарғылық капиталына төлем	(1,301)	(2,674)
Шыққан еншілес кәсіпорындардың ақшалай қаражаты	(774)	-
Өзге	(385)	(52)
<b>Инвестициялық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың ағымы</b>	<b>(13,158)</b>	<b>35,035</b>
<b>ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ</b>		
Несиелер мен қарыздардан түскен түсімдер	32,142	9,702
Несиелер мен қарыздарды өтеу	(67,931)	(27,020)
Қаржылық лизинг бойынша төлемдер	(96)	(18)
Акционерге дивидендтерді төлеу	(45,019)	-
Бақыланбайтын иелену үлестеріне төленген дивидендтер	(1,976)	(5)
Бақыланбайтын инвесторларға өзге төлемдер	-	(326)
<b>Қаржылық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың ағымы</b>	<b>(82,880)</b>	<b>(17,667)</b>
<b>Ақшалай қаражаттың және оның баламасының таза өзгерісі</b>	<b>(141,039)</b>	<b>42,098</b>
Кезең басындағы ақшалай қаражат және оның баламасы	239,936	75,052
Валюта бағамы өзгеруінің ақшалай қаражатқа және оның баламасына есері	1,645	(2,517)
<b>Кезең аяғындағы ақшалай қаражат және оның баламасы</b>	<b>100,542</b>	<b>114,633</b>

Осы қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікті басшылық 2018 жылғы 28 қыркүйекте бекітті:

М.Б. Юсупов  
Экономика және қаржы  
жөніндегі бас директор

Д.А. Қожа-Ахмет  
Қаржы бақылаушысы

З.Ф. Қалиева  
Бас бухгалтер

Ұсынылған ескертулер бұл қысқартылған аралық шоғырландырылған есептеменің бөлінбес бөлігін құрайды

**«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ**

**2018 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай бойынша ақша қаражаттың жылжуы туралы қысқартылған аралық шоғырландырылған есеп**

Қазақстандық теңгемен	Меншік иелерінің үлесіне тиесілі					Бақыланбайтын иелену үлестері	Капитал жиыны
	Акционерлік капитал	Резервтер	Бөлінбеген пайда	Қосымша төленген капитал	Жиыны		
<b>2017 ж. 1 қаңтардағы қалдық</b>	<b>36,785</b>	<b>18,061</b>	<b>495,732</b>	<b>4,785</b>	<b>555,363</b>	<b>12,467</b>	<b>567,830</b>
Кезеңдегі пайда	-	-	29,949	-	29,949	216	30,165
Шетелдік қызметті аударудан болған бағамдық айырмашылық	-	8	-	-	8	1	9
<b>Кезеңдегі жиынтық табыс жиыны (аудиттелмеген)</b>	<b>-</b>	<b>8</b>	<b>29,949</b>	<b>-</b>	<b>29,957</b>	<b>217</b>	<b>30,174</b>
Жарияланған дивидендтер	-	-	(65,849)	-	(65,849)	(18)	(65,867)
Бақыланбайтын иелену үлесіндегі өзгерістер	-	-	(2,012)	-	(2,012)	1,686	(326)
Акционерлік капиталға жарна	266	-	-	-	266	-	266
Резервтер арасында аудару	-	(20,677)	20,677	-	-	-	-
<b>2017 ж. 30 маусымдағы қалдық (аудиттелмеген)</b>	<b>37,051</b>	<b>(2,608)</b>	<b>478,497</b>	<b>4,785</b>	<b>517,725</b>	<b>14,352</b>	<b>532,077</b>
<b>2018 ж. 1 қаңтардағы қалдық</b>	<b>37,051</b>	<b>(2,229)</b>	<b>586,998</b>	<b>4,785</b>	<b>626,605</b>	<b>14,571</b>	<b>641,176</b>
Жаңа ХҚЕС-тар қабылау тиімділігі (35 ескерту)	-	2,701	(1,910)	-	791	-	791
<b>2018 ж. 1 қаңтардағы қайта есептелген қалдық</b>	<b>37,051</b>	<b>472</b>	<b>585,088</b>	<b>4,785</b>	<b>627,396</b>	<b>14,571</b>	<b>641,967</b>
Кезеңдегі пайда	-	-	114,220	-	114,220	800	115,020
Шетелдік қызметті аударудан болған бағамдық айырмашылық	-	(1,451)	(20,676)	-	(22,127)	4	(22,123)
<b>Кезеңдегі жиынтық табыс жиыны (аудиттелмеген)</b>	<b>-</b>	<b>(1,451)</b>	<b>93,544</b>	<b>-</b>	<b>92,093</b>	<b>804</b>	<b>92,897</b>
Жарияланған дивидендтер	-	-	(135,012)	-	(135,012)	(139)	(135,151)
Еншілес ұйымдардағы бақыланбайтын қатысу үлестерін сатып алу	-	-	-	-	-	76,761	76,761
<b>2018 ж. 30 маусымдағы қалдық (аудиттелмеген)</b>	<b>37,051</b>	<b>(979)</b>	<b>543,620</b>	<b>4,785</b>	<b>584,477</b>	<b>91,997</b>	<b>676,474</b>

Осы қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікті басшылық 2018 жылғы 28 қыркүйекте бекітті:

М.Б. Юсупов  
Экономика және қаржы  
жөніндегі бас директор

Д.А. Қожа-Ахмет  
Қаржы бақылаушысы

З.Ф. Қалиева  
Бас бухгалтер

Ұсынылған ескертулер бұл қысқартылған аралық шоғырландырылған есептеменің бөлінбес бөлігін құрайды

## **«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ**

**2018 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай бойынша қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ескертулер**

### **1. Жалпы ережелер**

#### ***Құрылымдық бөлімшелер және қызметі***

Осы қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілік «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» АҚ (бұдан әрі - «Компания») және оның еншілес кәсіпорындарына (бірлесіп – «Топ» немесе «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ») 2018 жылдың 30 маусымында аяқталған алты айдың, «Аралық қаржылық есептілігі» атты 34 Халықаралық Қаржылық Есептіліктің Стандарттына сәйкес дайындалған.

Компания Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұйымдастырылған акционерлік қоғам болып табылады. «Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық Атом Компаниясын құру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 ж. 14 шілдедегі №3593 Жарғысына және «Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық Атом Компаниясы мәселелері» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 ж. 22 шілдедегі №1148 Қаулысына сәйкес жарғылық капиталына жүз пайыз мемлекеттің қатысуымен жабық акционерлік қоғам нысанында құрылды. Қазіргі кезде Компания акцияларының 100% «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі – «Акционер» немесе «Самрук-Қазына») арқылы мемлекетке тиесілі. Компания мына мекен-жай бойынша тіркелген: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Қонаев көшесі, 10. Негізгі қызмет орны ретінде Қазақстан Республикасы болып табылады.

Топ қызметінің негізгі түрлері уранды өндіру және уран өнімін сату болып табылады. Топ әлемдегі жетекші уран өндіруші компаниялар қатарына кіреді. Бұдан басқа, Топ сирек және сирекжер металдарын өндіру, бериллий мен тантал өнімін шығару, ғылымды көп қажетсінетін технологияларды өзірлеу қызметтерін жүзеге асырып жатыр.

Топтың өнімі Қазақстан Республикасында өткізіледі және одан тыс жерге экспортталады.

#### ***Операциялық орта***

Қазақстан Республикасының экономикасы дамушы нарыққа тән кейбір сипаттамалық ерекшеліктерді білдіреді. Ол әсіресе минералдық ресурстар бағасының өзгеруіне өте сезімтал. Қазақстан Республикасының салық, валюталық және кедендік заңнамалары дамуын жалғастыруда және түрлі талқыланулар қолданылады.

Қаржы нарықтарында, әсіресе Еуропа мен Ресей Федерациясында сақталып отырған белгісіздік, құбылмалылық және өзге де тәуекелдер қазақстандық қаржы және корпоративтік секторларға теріс әсерін тигізуі мүмкін. Басшылар ағымдағы экономикалық жағдайды және оның болашағын ескере отырып, Топтың ұзақ мерзімді активтерінің құнсыздануына бағалау болжамын жүргізді. Болашақ экономикалық жағдай мен нормативтік-құқықтық орта басшылардың қазіргі күтуінен айрықша болуы мүмкін.

#### ***Топ құрылымының өзгерістері***

##### ***«Инкай» БК» ЖШС***

2017 жылғы желтоқсанда Топ пен Самесо «Инкай» БК» ЖШС-ін қайта құрылымдау бойынша мәміле жасасты (37 ескерту). Өткізу туралы келісім шарттарына сәйкес Топ «Инкай» БК» ЖШС-індегі өзінің қатысу үлесін 40%-дан 60%-ға дейін ұлғайтты және 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап кәсіпорынды бақылауды алды. Топ «Инкай» БК» ЖШС-ін 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап шоғырландырды.

##### ***«Ақбастау» БК» АҚ и «Қаратау» ЖШС***

2018 жылы Топ пен Uranium One Inc «Қаратау» ЖШС мен «Ақбастау» БК» АҚ бойынша бірқатар келісімдерге қол қойды (37 ескерту). Нәтижесінде, бұл бірлескен кәсіпорындар ХҚЕС 11-ге сәйкес бірлескен операциялар ретінде сыныпталды. Топ бірлескен кәсіпорындарға инвестицияларды мойындауды тоқтатты және бірлескен операцияларға қатысуға жататын активтер мен міндеттемелердегі өз үлесін мойындады. Сатылып алынған күнінен бастап бұл кәсіпорындардың активтері, міндеттемелері, табыстары мен шығыстары иелену үлесі мөлшерінде жолма-жол шоғырландырылады.

##### ***«МАЭК-Қазатомөнеркәсіп» ЖШС***

2018 жылғы 25 маусымнан бастап Топ «Самұрық-Қазына» АҚ-мен «МАЭК-Қазатомөнеркәсіп» ЖШС-іне 100% қатысу үлесін сату туралы келісімге қол қойды (38 ескерту). 2018 жылғы 3 шілдеде Үкіметтің стратегиялық нысанды иеліктен шығару туралы тиісті қаулысына қол қойылды. Тиісінше, осы қысқартылған аралық қаржылық есептілікте «МАЭК-Қазатомөнеркәсіп» ЖШС тоқтатылған қызмет ретінде көрсетілді.

## **«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ**

**2018 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай бойынша қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ескертулер**

---

### **1. Жалпы ережелер (жалғасы)**

*«Қазақстан атом электр станциялары» АҚ*

2018 жылғы 25 маусымда Топ «Самұрық-Қазына» АҚ-мен «Қазақстан атом электр станциялары» АҚ-ына 100% қатысу үлесін сату туралы келісімге қол қойды (36 ескерту).

*Жекешелендіру бағдарламасының шеңберінде активтерді сату*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 1141 «2016-2020 жылдарға арналған жекешелендірудің кейбір мәселелері туралы» қаулысына сәйкес Топ бірқатар бейінді емес активтерді, KazPV жобасының «Astana Solar» ЖШС, «Kazakhstan Solar Silicon» ЖШС және «МК KazSilicon» ЖШС кәсіпорындарын қоса, сатуды жоспарлап отыр. Топтың болжауынша, бұл кәсіпорындарды 2018 жылдың екінші жартысында сатудың ықтималдылығы жоғары (39 ескерту).

Жекешелендіру шеңберінде Топ сонымен қатар «SARECO» ЖШС мен «Каустик» АҚ-ын сатуды жоспарлап отыр және ықтимал инвесторлар іздеу үстінде, алайда осы қаржылық есептілікті жасау күніне бұл активтерді сатуға арналған ретінде сыныптауға жеткілікті негіз болған жоқ.

### **2. Қысқартылған аралық қаржылық етептілікті дайындаудың негізгі принциптері**

Осы 2018 жылдың 30 маусымында аяқталған алты айды қамтитын аталған қысқартылған аралық шоғырландырылған есептілік «Аралық қаржылық есептілігі» атты 34 Халықаралық Қаржылық Есептіліктің Стандартына сәйкес дайындалған.

Осы қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиттелмеген және оған жылдық қаржылық есептілікте ашылуға міндетті ақпараттың барлығы кірмейді. Халықаралық Қаржылық Есептіліктің Стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес дайындалған, 2017 жылғы аудиттелген жылдық шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі ақпаратты елеулі түрде қайталайтын ақпаратты Топ айқындаған жоқ (мысалы, есеп саясаты принциптерін және сомалары бойынша немесе құрамы бойынша елеулі өзгерістерге ұшырамаған баптар туралы егжей-тегжей мәліметтер). Соған қоса, Топ, ХҚЕС сәйкес дайындалған, 2017 жылғы жылдық есептілікті шығарғаннан кейінгі елеулі жағдайларға байланысты ақпаратты айқындады.

Егер де қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікті ХҚЕС сәйкес дайындалған 2017 жылғы жылдық есептілікпен бірге қарастырса, онда басшылар осы есептіліктегі айқындау жеткілікті ақпаратты көрсетеді деген пікірде. Басшылар пікірі бойынша, аралық есептілік кезеңдегі қаржылық жағдайды, қызметтің нәтижесін, Топтың өз капиталындағы және өзгерістер туралы және ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есепті дұрыс ұсыну үшін қажетті барлық түзетулер осы қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікке енгізілген.

### **3. Есептік саясаттың негізгі принциптері**

Қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікті құрастыру кезінде қабылданған есеп принциптері 2017 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл бойынша Топтың жылдық қаржылық есептілігін құрастыру кезінде қолданылатын принциптеріне, бұдан әрі сипатталғандай, ХҚЕС жаңа стандарттарын қабылдауды қоспағанда сәйкес келеді.

#### **15 ХҚЕС «Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім»**

15 ХҚЕС «Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім» 2014 жылғы 28 мамырда шығарылған және 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енді. Жаңа стандарт негізгі принципті енгізді, оған сәйкес түсім тауарлар немесе қызметтер клиентке берілген кезде мойындалуы тиіс. Тауарлардың немесе қызметтердің кез келген жекелеген партиялары бөлек мойындалуы тиіс, ал келісімшарт бойынша бағадан жеңілдіктер мен ретроспективтік жеңілдіктер әдетте жекелеген элементтерге бөлінеді. Егер сыйақы мөлшері қандай да бір себеппен өзгерсе және егер оларды қайта қарау тәуекелі елеулі болмаса, онда барынша аз сомаларды мойындау керек. Клиенттермен келісімшарт алумен және жасасумен байланысты шығындар келісімшарттан экономикалық пайдалар түсетін мерзім ішінде капиталдандырылуы және автоматтандырылуы тиіс.

## «ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2018 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай бойынша қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ескертулер

### 3. Есептік саясаттың негізгі принциптері (жалғасы)

15 ХҚЕС (IFRS) «Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім» стандартына түзетулер стандарттың негіз құраушы принциптерін өзгертуге әкелмейді, бұл принциптердің қалай қолданылуы тиістігін түсіндіреді. Түзетулерде келісімшартта орындауға міндеттемені (тауарды немесе қызметті сатып алушыға беру уәдесі) қалай анықтау керектігі; компанияның принципіал (тауарды немесе қызметті жеткізуші) немесе агент (тауарды немесе қызметті жеткізуді ұйымдастыру үшін жауапты) екендігін қалай анықтау керектігі, сонымен қатар лицензия беруден түсетін түсімді уақыттың белгілі бір мезетінде немесе кезең ішінде мойындаған жөн екендігін қалай анықтау керектігі түсіндіріледі.

Топ табыстарының тұрақты ағымдарын, жеке келісімшарттық шарттарды талдау негізінде және көрсетілген күнгі фактілер мен жағдайлар негізінде, сонымен қатар жеңілдетілген көшу әдісінің қолданылуын ескерумен, Топ басшылығы стандарттың Топтың қолданылатын есептік саясатына әсер тигізбегендігін қорытындылады. 15 ХҚЕС (IFRS) өтпелі ережелеріне сәйкес, жаңа стандартқа көшудің әсерін 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын, 15 ХҚЕС (IFRS) Топ алғаш пайдаланатын жыл ішіндегі шоғырландырылған қаржылық есептілікте 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша көрсетумен, Топ жеңілдетілген көшу әдісін таңдады.

#### 9 ХҚЕС «Қаржылық құралдар»

9 ХҚЕС-ын Топ ретроспективті қолданды, алайда 9 ХҚЕС (7.2.15) және (7.2.26) өтпелі ережелеріне сәйкес, Топ салыстыру деректерін қайта есептеген жоқ, сонымен, салыстыру ақпараты 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жыл ішіндегі қаржылық есептілікте ашылып көрсетілген алдыңғы есептік саясаттарға сәйкес берілген. Топ хеджирлеу есебін жүргізбейді, сондықтан 9 ХҚЕС бұл аспект бойынша қолданылмайды. Бұл стандарттың қаржылық есептілікке әсері төменде көрсетілген. Басқа стандарттар Топтың есептік саясатына әсер еткен жоқ және өткен кезеңдерді ретроспективтік түзету талап етілген жоқ.

#### (а) Қаржылық активтерді сыныптау

2018 жылғы 1 қаңардан бастап Топ қаржылық активтерді келесі санаттар бойынша үш санаттың біріне сыныптайды:

- Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын,
- Пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын,
- Басқа жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын.

Сыныптау Топтың қаржылық активтерді және ақша ағымдарының келісімшарттық шарттарын басқару бойынша бизнес моделі негізінде анықталады. Топ борыштық инвестицияларды басқа санатқа тек осы активтерді басқару бизнес модулі өзгерген жағдайда ғана аударады.

#### (ә) Борыштық құралдар – амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер (35 ескерту)

Бизнес модель шеңберінде ұсталатын және мақсаты тек қарыздың негізгі сомасының және қарыздың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздар есебіне төлемдер ғана болып табылатын ақша ағымдарын «алғанға дейін ұстау» болып табылатын борыштық құралдар (SPPI өлшемі) амортизацияланған құны бойынша есепке алынады. Осы қаржылық активтерден алынатын пайыздық табыс тиімді пайыздық мөлшерлемені қаржылық активтің жалпы баланстық құнына қолдануды білідіретін тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдаланумен есептеледі және пайда мен шығын туралы есепте «пайыздық табыс» ретінде көрсетіледі. Құнсыздану шығындары (f) тармағында «қаржылық активтердің құнсыздануынан шығындар» бабы бойынша ашып көрсетілген саясатқа сәйкес мойындалады.

#### (б) Борыштық құралдар – әділ құны бойынша өзге жиынтық табыс (FVOCI) арқылы бағаланатын қаржылық активтер

Ақша ағымдарын алу үшін, сол сияқты қаржылық активтерді сату жолымен де ұсталатын және олардың ақша ағымдары тек қарыздың негізгі сомасының және қарыздың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздардың есебіне ғана төлемдер болып табылатын борыштық құралдар FVOCI бойынша есептеледі. Мұндай қаржылық активтердің құнындағы өзгерістер, пайдалар мен шығындар туралы есепте көрсетілетін құнсыздануды (қалпына келтіруді) мойындауды қоспағанда, өзге жиынтық табыста мойындалады. Қаржылық активті мойындау тоқтатылған кезде жинақталған, бұрын OCI-да мойындалған пайда немесе шығын капиталдан пайдалар мен шығындар туралы есепке «Өзге табыстар/(шығыстар)» ретінде көшіріледі. Бұл қаржылық активтерден алынатын пайыздық табыс тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша «пайыздық табысқа» енгізіледі. Құнсыздану шығындары (f) тармағында «қаржылық активтердің құнсыздануынан шығындар» бабы бойынша ашып көрсетілген саясатқа сәйкес мойындалады.

## «ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2018 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай бойынша қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ескертулер

### 4. Есептік саясаттың негізгі принциптері (жалғасы)

*(в) Борыштық құралдар – әділ құны бойынша пайдалар немесе шығындар арқылы бағаланатын қаржылық активтер*

Амортизацияланған құны бойынша немесе FVOCI бойынша есепке алынатын активтер санатында сыныптау критерийлеріне сәйкес келмейтін қаржылық құралдар әділ құны бойынша пайдалар немесе шығындар арқылы бағаланады.

Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісімен есептелетін және «пайыздық табысқа» кіргізілетін пайыздық табысты қоспағанда, қаржылық құралдардың әділ құнының өзгеруінен болған пайда немесе шығын пайда және шығын туралы есепте «қаржылық құралдарды қайта бағалаудан болған пайда/(шығын)» жолында ол туындаған кезеңде мойындалады.

*(г) Борыштық құралдар – әділ құны бойынша өзге жиынтық табыс (FVOCI) арқылы бағаланатын қаржылық активтер (35 ескерту)*

Топ үлестік құралдардың барлығын әділ құны бойынша бағалайды. Топ әділ құнның өзгеруінен болған пайданы /(шығынды) OCI арқылы үлестік құралдар бойынша мойындау шешімін қабылдады, өйткені олар инвестициядан алынатын табыстарды жинақтауға арналмаған. Топ қаржылық активті сыныптау құқығын тек бастапқы мойындау кезінде ғана пайдалана алады және мұндай сыныптау кейін өзгертуге жатпайды. Қаржылық активті мойындау тоқтатылған жағдайда жинақталған пайда/(шығын) пайдалар мен шығындар туралы есепке көшірілмейді. Бұл активтерден алынатын дивидендтер пайдалар мен шығындар туралы есепте Топтың дивидендтер алу құқығы белгіленген кезде көрсетіледі. Құнсыздану шығындары мен құнсыздануды FVOCI бойынша бағаланатын үлестік құралдар бойынша қалпына келтіру табыстары әділ құндағы басқа өзгерістерден бөлек ашылып көрсетілмейді.

*(г) жоғарыдағы (ә) - (б) тармақтарында сипатталғандай қаржылық активтердің құнсыздануы*

Топ күтілетін несиелік шығындарды перспективтік негізде, құнсыздану индикаторларының бар-жоқтығына тәуелсіз, амортизацияланатын құны мен FVOCI бойынша бағаланатын борыштық құралдар бойынша бағалайды.

Топ, дебиторлық берешекті қоспағанда, активтер үшін құнсыздануды есептеуде төрт сатылы модельді пайдаланады:

- 1 саты – олар үшін несиелік тәуекел бастапқы мойындау кезеңінен елеулі ұлғаймаған қаржылық активтер,
- 2 саты – есептеме күніне несиелік тәуекелдің елеулі ұлғаюы байқалатын қаржылық активтер,
- 3 саты – олар бойынша дефолт оқиғасы болған қаржылық активтер,
- 4 саты – сатылып алынған немесе жасалған несиелік-құнсызданған активтер. Бұл активтер қаржылық құралдың барлық әрекет ету мерзімі бойына өз сатысын өзгерте алмайды.

Елеулі қаржылық компоненті жоқ қысқамерзімдік дебиторлық берешек үшін Топ 9 ХҚЕС-ына сәйкес жеңілдетілген тәсілдемені қолданады және несиелік шығындарды активтің өмір сүру мерзімі бойынша оны бастапқы мойындау мезетінен бастап бағалайды. Бағалау резервін есептеу есептік кезеңдердің кез келгенінде тәуекелді сомалардың не дефолт санатына, немесе дефолт емес санатына түсетіндігі болжамына негізделген. Сонымен, Топ құнсызданбаған активтерді, дефолт критерийлеріне сәйкес келген жағдайда, «дефолттық емес» (2-саты) және «дефолттық» (3-саты) активтерге сыныптайды. Дебиторлық берешек бойынша провизия бүкіл мерзімге жасалады.

Топ қаржылық құралдарды құнсыздану сатыларына бөлу үшін келесі индикаторларды бағалайды: мерзімінің етуі күндері, несиелік тәуекелдің елеулі ұлғаюының бар болуы, дефолттың бар болуы және өзге критерийлер.

*(д) Қаржылық міндеттемелерді модификациялау*

Қаржылық міндеттемелердің келісімшарттық шарттарынан болған, бар міндеттемені мойындаудың күшін жоюға әкелмейтін пайда немесе шығын пайдалар және шығындар туралы есепте мойындалады. Пайда немесе залал міндеттеменің бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемесі бойынша дисконтталған модификацияланған және бастапқы ақшалай ағымдардың ағымдағы құны арасындағы айырма ретінде есептеледі.

## **«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ**

**2018 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай бойынша қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ескертулер**

### **3. Есептік саясаттың негізгі принциптері (жалғасы)**

#### ***Тоқтатылған қызмет***

Топтың не шыққан, не болмаса сатуға арналған ретінде сыныпталатын және: (а) бөлек елеулі қызмет түрі немесе операциялар жүргізілетін географиялық аудан болып табылатын; (б) бөлек елеулі қызмет түрінің немесе операциялар жүргізілетін географиялық ауданның бөлігі болып табылатын; немесе (в) тек кейіннен қайта сату мақсатында ғана сатылып алынған еншілес кәсіпорны болып табылатын компоненті тоқтатылған қызмет болып табылады. Тоқтатылған қызметтен алынған пайдалар мен ақша ағымдары, егер олар болса, жалғасатын қызметтен бөлек көрсетіледі; бұл ретте салыстырмалы көрсеткіштерді көрсету тиісті түрде өзгереді.

#### ***Маусымдылық***

Топтың қызметі маусымдық ауытқуларға айтарлықтай тәуелді емес.

#### ***Айырбас бағамдары***

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми айырбас бағамы 2018 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша 1 АҚШ доллары үшін 341.08 теңгемен салыстырғанда осы есеп күніндегі жағдай бойынша 1 АҚШ доллары үшін 361.82 теңге құрады (2017 ж. 31 желтоқсан: 1 АҚШ доллары үшін 332.33 теңге). 2018 жылғы алты ай ішіндегі валюталардың орташа бағамы 1 АҚШ доллары үшін 326.49 теңге құрады (2017 ж. алты ай: 318.75).

#### ***Табыс салығы***

Аралық кезеңдегі табыс салығы бойынша шығыстар бүкіл қаржылық жыл үшін күтілетін табыс салығының есептік орташа қолданыстағы мөлшерлемесінде негізделеді.

#### ***2018 жылғы 30 маусымда аяқталған кезеңдегі пайдалар мен шығындар туралы есепті қайта қарау***

##### ***Своп операциялары (а)***

2017 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде қабылданған тәсілдемеге сәйкес, Топ уран өнімдерін жеткізу бойынша операцияларды 2017 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішіндегі своп шарттарымен таза (тұжырылған) негізде көрсетті. Салыстырмалы көрсеткіштер тиісті түрде түзетілді.

##### ***Байытылған уран жеткізілімі (ә)***

2017 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде қабылданған тәсілдемеге сәйкес, Топ байытылған уран жеткізілімінен түсімді және өзіндік құнды 2017 жылдың бірінші жарты жылдығында 4,935 миллион теңгеге тұжырды.

##### ***Тоқтатылған қызмет (б)***

38 ескертуде ашылып көрсетілгендей, 2018 жылдың 30 маусымына «МАЭК-Қазатомөнеркәсіп» ЖШС тоқтатылған қызмет ретінде анықталды. Тоқтатылған қызметтен пайдалар мен ақша ағымдары жалғасатын қызметтен ағымдағы кезеңде де, сол сияқты салыстырмалы кезеңде де бөлек көрсетіледі. Салыстырмалы көрсеткіштер тиісті түрде түзетілді.

**«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ**

**2018 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай бойынша қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ескертулер**

**3. Есептік саясаттың негізгі принциптері (жалғасы)**

Жоғарыда сипатталған (а), (ә) және (б) тармақтарымен байланысты қайта есептелген ақпаратқа қатысты қаржылық ақпарат төменде көрсетілген:

<i>Қазақстандық миллион теңгемен</i>	2017 ж. 6 ай қайта қаралғанға дейін	Түзету (а)	Түзету (ә)	Түзету (б)	2017 ж. 6 ай қайта есептелген
Түсім	203,403	(15,939)	(4,935)	(29,341)	153,188
Өткізілген өнімнің өзіндік құны	(162,550)	10,698	4,935	25,993	(120,924)
<b>Жалпы пайда</b>	<b>40,853</b>	<b>(5,241)</b>	<b>-</b>	<b>(3,348)</b>	<b>32,264</b>
Өткізу бойынша шығыстар	(2,649)	-	-	247	(2,402)
Жалпы және өкімшілік шығыстар	(12,492)	-	-	934	(11,558)
Активтердің құнсыздануы	(4,028)	-	-	8	(4,020)
Бағамдық айырма бойынша таза шығын	(987)	-	-	(155)	(1,142)
Өзге табыстар	6,213	-	-	(4)	6,209
Өзге шығыстар	(1,713)	-	-	149	(1,564)
Қаржылық табыстар	2,475	-	-	(46)	2,429
Қаржылық шығыстар	(4,469)	-	-	82	(4,387)
Қауымдастырылған кәсіпорындардың нәтижелеріндегі үлес	11,644	-	-	-	11,644
Еншілес кәсіпорындардың нәтижелеріндегі үлес	13,637	-	-	-	13,637
<b>Салық салуға дейінгі пайда</b>	<b>48,484</b>	<b>(5,241)</b>	<b>-</b>	<b>(2,133)</b>	<b>41,110</b>
Табыс салығы бойынша шығыстар	(14,126)	1,048	-	46	(13,032)
<b>Жалғасатын қызметтен түскен кезең ішіндегі пайда</b>	<b>34,358</b>	<b>(4,193)</b>	<b>-</b>	<b>(2,087)</b>	<b>28,078</b>
Тоқтатылған қызметтен пайда	-	-	-	2,087	2,087
<b>КЕЗЕҢДЕГІ ПАЙДА</b>	<b>34,358</b>	<b>(4,193)</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>30,165</b>

**4. Есептік саясатты қолданудағы маңызды есеп айырысу бағалаулары мен кәсіби пайымдаулар**

Аралық қаржылық есептілікті дайындау басшылықтан пайымдаулар жасауды және есептік саясаттарды қолдануға және активтердің, міндеттемелердің, табыстардың және шығыстардың мойындалуына әсер ететін есептік бағалаулар мен рұқсаттарды пайдалануды талап етеді. Нақты нәтижелер пайдаланылатын есептік бағалаулардан айрықшалана алады.

Қолданылатын есептік саясатқа қатысты басшылықтың елеулі пайымдаулары мен осы қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде пайдаланылған бағалаулардағы тұрлаусыздықтың негізгі көздері Топтың 2017 жылғы ХҚЕС-тарына сәйкес дайындалған жылдық есептілігіндегі осындай пайымдаулар мен көздерге сәйкес келеді.

**JORC қорлары және экологиялық міндеттемелер (ARO) бойынша SRK есептері**

2017 жылы Top SRK Consulting (UK) Limited компаниясын (бұдан әрі – «SRK») Топтың ресурстары мен қорларын геологиялық барлау жұмыстарының нәтижелері, минералдық ресурстар және кен қорлары туралы есептерді жасауға арналған Австралиялық кодекске сәйкес (2012) («кодекс JORC») бағалау үшін, сонымен қатар Топтың кен орындарын жою және қалпына келтіру бойынша міндеттемелерге резервтер (ARO) есептеу үшін тартты.

Қорлар бойынша және кен орындарын жою және қалпына келтіру міндеттемелері бойынша деректер SRK компаниясымен 2018 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша жаңартылды және осы қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікте ескерілді.

## «ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2018 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай бойынша қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ескертулер

### 5. Жаңа стандарттар мен түсініктемелер

Бірқатар жаңа стандарттар, стандарттар мен түсіндірмелерге өзгерістер 2018 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша күшіне енген жоқ. Бұл өзгертілген стандарттардың талаптары осы қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде ескерілген жоқ. Топ бұл стандарттарды олар күшіне енген мезеттен бастап қолдануды жоспарлайды.

Топ келесі жаңа және қайта қарастырылып шығарылған, бірақ күшіне енгізілмеген ХҚЕС-тарды қолданған жоқ:

- 16 ХҚЕС (IFRS) «Жалға беру» (2016 жылдың қаңтарында шығарылған және 2019 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңінде күшіне енеді);
- «Қауымдастырылған және бірлескенкәсіпорынға инвестордың активтерді жарнаға құюы немесе сатуы» – 10 ХҚЕС (IFRS) және 28 ХҚЕС (IFRS) Түзетулер (2014 жылдағы 11 қыркүйекте шығарылған және халықаралық қаржы есептілігі стандартының Кеңесімен айқындалған күннен кейін басталатын жылдық кезеңінде күшіне енеді);
- 23 ХҚЕСТК (IFRIC) «Табысқа салық салуға қатысты тұрлаусыздық» (2017 ж. 7 маусымда шығарылған және 2019 ж. 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшке енеді);
- 9 ХҚЕС (IFRS) «Қаржы құралдары» түзетулер және 28 ХҚЕС (IAS) (2017 ж. 12 қазанда шығарылған және 2019 ж. 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшке енеді);
- Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының жыл сайынғы жетілдіруі, 2015-2017 жж. – ХҚЕС (IFRS) 3, ХҚЕС (IFRS) 11, ХҚЕС (IAS) 12 и ХҚЕС (IAS) 23 стандарттарына түзетулер (2017 ж. 12 желтоқсанда шығарылған және 2019 ж. 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшке енеді).

### 6. Байланысты тараптармен есеп айырысу мен операциялар

Байланысты тараптарға «Самұрық-Қазына» АҚ бақылауындағы кәсіпорындар кіреді. Өзге мемлекеттік кәсіпорындармен жасалатын операциялар ашылмайды, егер де олар барлық қоғамдық және жеке компанияларға өз кезегімен қолданылатын шарттарға сәйкес қарапайым қызмет барысында жүзеге асырылса: i) егер де олар жеке маңызды болып табылмаса; ii) Топтың қызметтері барлық тұтынушыларға қол жетімді стандартты шартпен ұсынылатын болса, немесе iii) электр энергия, телекоммуникациялық және т.б. қызметтерді тапсыру жөніндегі қызметтер сияқты қызметтерді жеткізушімен таңдап алу мүмкіндігі болмаған кезде.

Байланысты тараптармен 2018 жылдың 30 маусымындағы операциялар бойынша қалдықтар төменде көрсетілген:

<i>Қазақстандық миллион теңгемен</i>	Дебиторлық берешек және өзге активтер (Ескер. 25, 28)	Алуға арналған дивидендтер (Ескер. 28)	Берілген қарыздар (Ескер. 24)	Кредиторлық берешек және өзге міндет-темелер (Ескер. 31, 33)
Қауымдастырылған кәсіпорындар	3,020	-	21,210	24,907
Бірлескен кәсіпорындар	1,553	-	-	1,169
Жалпы бақылаудағы кәсіпорындар	663	-	-	560
Акционердің қауымдастырылған кәсіпорындары	28	14,155	-	1
Акционер	-	-	-	89,993
Өзгелер	115	-	-	11,360
<b>Жиыны</b>	<b>5,379</b>	<b>14,155</b>	<b>21,210</b>	<b>127,990</b>

**«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ**

**2018 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай бойынша қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ескертулер**

**6. Байланысты тараптармен есеп айырысу мен операциялар (жалғасы)**

Байланысты тараптармен 2018 жылдың 30 маусымында аяқталған кезеңдегі операциялар бойынша табыстар мен шығыстар баптары төменде көрсетілген:

Қазақстандық миллион теңгемен	Тауарлар мен қызметтерді сату	Алынған дивидендтер (Ескер. 21, 22)	Тауарлар мен қызметтерді сатып алу	Акционерге дивидендтер	Пайыздық шығыс
Қауымдастырылған кәсіпорындар	6,613	5,816	26,115	-	595
Бірлескен кәсіпорындар	4,186	-	6,221	-	-
Жалпы бақылаудағы кәсіпорындар	8,578	-	23,670	-	-
